

А. Қайрат* , С. Сейілхан 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: asauqairat@gmail.com

ОРТА ТҮРКІ ДӘУІРІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢҒЫРУ ӘЛЕУЕТІ

Мақалада қазақ тіліндегі экономикалық терминдердің тарихи қалыптасуы мен даму динамикасы ескі кітаби лексиканың жаңғыруы негізінде жан-жақты қарастырылады. Сондай-ақ, көне және орта түркі кезеңдерінен бастау алатын сауда-экономикалық лексикаларының пайда болу арналарына, олардың араб-парсы тілдері арқылы түркі тіліне енуіне және қазіргі қазақ тіліндегі жаңғыру әлеуетіне талдау жасалады. Ұлы Жібек жолы дәуірінен басталған экономикалық және мәдени байланыстардың тілдік жүйеге әсері, сонымен қатар Махмұд Қашғари, Әбілғазы Баһадүр, Рабғузи, Ахмеди Гүлшахри секілді ортағасырлық авторлардың еңбектеріндегі сауда-саттық лексикасының қолданысы тарихи-лексикологиялық материал ретінде қарастырылады.

Зерттеуде «делдал», «мәміле», «қазына», «пұл» сияқты ескі кітаби бірліктердің семантикалық эволюциясы, олардың қазіргі экономикалық терминдер жүйесіндегі орны мен оның жаңғыру үдерісі мен әлеуеті мысалдармен дәйектеледі. Termincom.kz және Қазақ тілінің ұлттық корпусы деректеріне сүйене отырып, бұл лексемалардың терминжасамдағы қызметі, өнімділігі және жаңа ұғымдар жасауға қатысу мүмкіндігі анықталады. Сонымен бірге Елдес Омарұлы, Әбдуәли Қайдар сынды ғалымдардың терминжасам қағидаттары негізінде қазақ тілінің сөздік қорын тиімді пайдалану қажеттілігі атап көрсетіледі. Сонымен қатар XX ғасырдан бүгінге дейінгі экономикалық сөздіктердің қалыптасу тарихы қарастырылып, олардың қазақ тіл біліміндегі рөлі анықталады.

Зерттеу нәтижесінде ескі кітаби лексика немесе орта түркі лексикасы қазіргі қазақ тілінің экономикалық терминологиясында белсенді түрде жаңғырып, прагматикалық жүктемесі күшейіп, жаңа ғылыми ұғымдарды қалыптастыруда маңызды қызмет атқаратыны айқындалды. Мақала қазақ тілінің терминологиялық әлеуетін кеңейтудің теориялық және практикалық негіздерін ашуға бағытталған.

Түйін сөздер: орта түркі лексикасы, ескі кітаби лексика, жаңғырған сөздер, терминология.

A. Kairat*, S. Seilkhan

A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: asauqairat@gmail.com

Revitalization Potential of Middle Turkic Lexicon in the Field of Economics

The article provides a comprehensive examination of the historical formation and developmental dynamics of economic terminology in the Kazakh language, with a particular focus on the revitalization of old written (old-bookish) lexical layers. It investigates the origins of trade-economic lexemes rooted in the Old Turkic and Middle Turkic periods, their transmission into the Turkic linguistic system through Arabic-Persian mediation, as well as their revitalization potential within modern Kazakhstan. The study draws on historical-lexicological evidence, including the impact of economic and cultural interactions along the Silk Road and the use of trade and commercial vocabulary in the works of medieval authors such as Mahmud Kashgari, Abulgazi Bahadur, Rabghuzi, and Ahmedi Gulshahri.

The research traces the semantic evolution of old written units such as *deldal* 'intermediary', *māmīle* 'transaction', *qazyna* 'treasury', and *pül* 'money; fee', identifying their current functions within the modern system of economic terminology and revealing the mechanisms and functional potential of their revitalization. Based on data from Termincom.kz and the National Corpus of the Kazakh Language, the study determines the productivity of these lexemes in term formation and their capacity to contribute to the development of new scientific concepts. The necessity of effectively utilizing the internal lexical resources of the Kazakh language is emphasized, with reference to the terminological principles formulated by Yeldes Omaruly and Abduali Kaidar. Furthermore, the article reviews the history of economic dictionaries from the twentieth century to the present, outlining their contribution to the development of Kazakh linguistics.

The findings demonstrate that lexemes belonging to the old written and Middle Turkic layers are actively undergoing revitalization within contemporary Kazakh economic terminology, thereby strengthening their pragmatic load and fulfilling an essential role in the formation of new scientific concepts. The article aims to elucidate the theoretical and practical foundations for expanding the terminological potential of the Kazakh language.

Keywords: Middle Turkic lexicon, old written lexicon, revitalized words, terminology.

А. Кайрат*, С. Сейілхан

Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы, Алматы, Казахстан

*e-mail: asauqairat@gmail.com

Потенциалы возрождения лексики среднетюркского периода в сфере экономики

В статье всесторонне рассматривается историческое формирование и динамика развития экономической терминологии казахского языка на основе возрождения лексики старокнижного типа. Анализируется происхождение торгово-экономических лексем, уходящих корнями в древнетюркский и среднетюркский периоды, их проникновение в тюркскую языковую систему через арабско-персидские источники, а также их актуализация потенциалы в современном казахском языке. В качестве историко-лексикологического материала привлекается влияние экономических и культурных контактов эпохи Великого шёлкового пути, а также использование торгово-сбытовой лексики в трудах средневековых авторов, таких как Махмуд Кашгари, Әбілғазы Бахадур, Рабғузи, Ахмеди Гүлшахри.

В исследовании прослеживается семантическая эволюция старокнижных единиц «делдал», «мәміле», «қазына», «пұл», определяется их место в современной системе экономических терминов, а также актуализационные процессы и функциональный потенциал данных лексем. На основе данных Termincom.kz и Национального корпуса казахского языка выявляется их роль в терминотворчестве, продуктивность и способность участвовать в формировании новых научных понятий. Подчеркивается также необходимость эффективного использования внутреннего словарного ресурса казахского языка, опираясь на терминологические принципы, сформулированные Елдесом Омарұлы и Әбдуәли Қайдаром. Кроме того, рассматривается история становления экономических словарей XX века и позднейших периодов, определяя их вклад в развитие казахского языкознания.

Результаты исследования показали, что лексика старокнижного и среднетюркского слоёв активно возрождается в современной экономической терминологии казахского языка, усиливая свою прагматическую нагрузку и выполняя значимую функцию в формировании новых научных понятий. Статья направлена на раскрытие теоретических и практических основ расширения терминологического потенциала казахского языка.

Ключевые слова: среднетюркская лексика, старокнижная лексика, возрождённые слова, терминология.

Кіріспе

Шығыс пен Батысты байланыстырған, жандық сауданың өзегі болған, б.з.б. III-II ғасырлардан бастау алған Ұлы Жібек жолы Орталық Азияның экономикасын алғаш дамытушы пайдалы құбылыс болды. Көне дәуірден бері көшпелі өмір салтын ұстанған түркі халықтарының өміріндегі негізгі элемент мал шаруашылығы болғаны белгілі. 627 жылы Түркі қағаны мен Қытай патшасы арасындағы келісімге сәйкес, түркілер қытайларға жылқы мен ірі қара малын беріп, қарымтасына жібек, күміс, алтын һәм тұрмыстық тауарларды айырбастаған (Тазағұл, 2014). Себебі, Орта Азияның ыңғайсыз климаты түркі халықтарына мал шаруашылығынан басқа іспен айналысуға мүмкіндік бермеген. Онымен

қоса, жаугершілік заман талабына сай соғыстар мен шабуылдар арқылы алынған олжалар экономиканың тағы бір маңызды үлесі болды.

Орта ғасырларда түркі тайпаларының едәуір бөлігі дәстүрлі көшпелі шаруашылықтан біртіндеп бас тартып, отырықшылыққа негізделген тіршілік үлгісіне өте бастады. Таяу Шығыс өңірінен енген қалалық мәдениеттің ықпалы түркі қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымына жаңа өзгерістер енгізді. Түркілер басқарған қалалар экономиканың әртүрлі салаларына маманданды, атап айтсақ, Турфан қаласы – тоқу өнері, Самарқанд – сауда ошағы, Хами қаласы – жібек өндіруге, Бұхара – зергерлік бұйымдарға, Минусинск – темір ұсталарына, Байкенд қаласы – мыс ұсталарына бай болды (Ероғұлу, 2014). Бұл деректер аталған кезеңдегі экономиканың

калық дамудың жоғары деңгейін айғақтайды. Жалпы, сауда мен қолөнердің өркендеуі экономикалық прогрестің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Әлемнің әр тарапынан келген саудагерлердің Орта Азия кеңістігіне тұрақты түрде ағылуы өңірдің мәдени-тілдік дамуына айтарлықтай ықпал етті. Әсіресе, тілдік жүйеге тигізген әсері ерекше болды. Экономикалық қатынастардың кеңеюі мен халықаралық байланыстардың жандануына байланысты түркі тілінің сөздік құрамына сауда, алым-салық, қаржы және шаруашылық салаларына қатысты жаңа лексемалар ене бастады. Кірме лексиканың негізгі қабатын тарихи-саяси, діни және сауда-экономикалық байланыстар нәтижесінде енген араб-парсы тектес сөздер құрады. Жазба дәстүр орныққанға дейін бұл сөздер ауызша қолданыс аясында таралған. Ал жазба тіл деректерінде олар алғаш рет Махмұд Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрк», Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет», Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат тауарих» және басқа да ортағасырлық еңбектерден көрініс табады.

Түркі лексикасының шығу төркінін анықтауда басты дереккөз ретінде қарастырылатын Махмұд Қашғаридің «Түркі тілдерінің сөздігінде» сауда-саттыққа қатысты бірқатар маңызды терминдер тіркелген. Автор еңбегінде *sat* – «сату», *bukur* – «арзандату», *ogur* – «айырбастау», *eliğ tut* – «кепіл болу», *bütin* – «шын ақша», *tawar* – «тауар» тәрізді экономикалық мазмұндағы лексемалар жүйелі түрде берілген. Бұлардан бөлек, сөздікте бағалы тастар мен маталардың түрлі атаулары да кеңінен ұшырасады (Қашқари, 1998).

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің материалы ретінде орта түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі онлайн жұмыс жасап тұрған платформалар мен кітаптар, оқулықтар қарастырылды. Мысалы Әбілғазы Баһадүрдің «Шежіре-и Түрк» шығармасында бірқатар экономикаға қатысты лексикалар кездеседі. Мысалы, *ашраф* (ақша), *базар*, *пұл*, *сауда*, *теңге* (теңге), *махассел қойұб* (салық салып), *теңге салды* (салық салды), *харж қыла түрүр* (қарыз сұрай береді), *харж қылыб* (шығындады) секілді сөздер мен тіркестерді көре аламыз (Мамырбекова, Сейтбекова, 2013).

Байқағанымыздай, экономика саласындағы терминдерінің қалыптасу тарихы түбірін көне және орта түркілік дәуірлерден алады. Қазірде

экономикалық терминжасамның даму динамикасы тек неологизмдерді қабылдаумен ғана емес, сонымен қатар ескі кітаби бірліктердің қайта жаңғырып, пассив қабаттан актив қабатқа өтуімен де жүзеге асады.

Ескі кітаби тіл – араб әліпбиі негізіндегі түркі халықтарының ескі жазба тілі, шамамен, XV ғасырдан басталып, XX ғасырдың басына дейін тарихта маңызды орынға ие. Ескі кітаби тіл әр дәуірде бірдей болмады себебі «тіл – жанды құбылыс» деп танылғандықтан, өзгеріске ұшырауы табиғи үдеріс еді. Қарахан дәуірінен бастау алған кітаби тіл қалыптасуының алғашқы кезеңі (XIV-XVII ғғ.) шағатай тілінің негізіндегі қазақ хан-сұлтандарының өзге елдермен қарым-қатынас құжаттары, өсиетнамалар мен шежірелерді қамтыса, XVII-XIX ғғ. баспа ісінің дамуы («Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты»), шаң басқан сөрелердегі қолжазбалардың екінші рет жандануы, дәлірек айтқанда кисса-дастандардың («Зарқұм», «Жұм-жұма», «Сал-сал», «Кербаланың шөлінде», «Тамимдер», «Адам», «Бозжігіт» және т.б.) баспалануымен байланыстырылады. Бұл кезекте академик Р. Сыздықтың «XV-XIX ғғ. аралығында қалыптасқан кітаби жазба тіл бірте-бірте қазақыланып, XIX ғ. аяғына таман жалпыхалықтық негіздегі жаңа жазба әдеби тілмен астасып кетті» – деген пікіріне қосыламыз (Сыздықова, 1993).

Осылайша зерттеу барысында орта түркі дәуіріне тиесілі мәтіндер мен қазіргі таңдағы үдерісте көрініс табатын сөздер зерттеліп, ішінара текстологиялық жұмыстар жасалып тарихи салыстырмалы әдіспен қатар жинақтау, топтау әдістері де қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Мақалада тарихи лексикологияда орын алып жатқан үдерістер басшылыққа алынып, ондағы тұжырымдарға талдау жүргізілді. Әсіресе бұл зерттеуде экономика және қарсы саласында байқалған жаңғырған сөздерге/терминдерге барынша талдаулар жасалды. Жаңғыру үдерісін алғаш болып және соңғы кезде қарастырып жүрген зерттеушілердің еңбектері қаралды. Оларға шетелдік Е.В. Андрейченко, Г.М. Шипицина, М.Б. Герашенко, U. Weinreich, J. Fishman секілді т.б. ғалымдарды, отандық Р. Сыздық, Ә. Қайдар, Б. Сағындықұлы, Ш. Құрманбайұлы, А. Сейтбекова сияқты ғалымдардың зерттеулері негізге ала отырып тақырыптың өзектілігі айқындалды.

Сауда және қаржы салаларына байланысты сөздердің ескі кітаби тіл мен қазіргі қазақ тіліндегі жаңғыру әлеуеті қарқынды болмаса да, олардың елеулі орны бар. Кітаби лексиканың тарихына көз жүгіртсек, ескі сөздердің бүгінгі таңда қайта қолданысқа енуі, экономика саласының термині болып қалыптасуы, прагматикалық мақсатының артуы, жаңа мағына үстеуі, қолданылу аясының кеңеюін қарастыру маңызды мәселе деуге болады. Termincom.kz статистикасы бойынша қазақ тіліндегі экономика саласына байланысты терминдердің 60%-ы қазақша баламасы бар терминдер, 15%-ы жартылай калька арқылы жасалған терминдер, ал 25%-ы аударылмаған интернационалдық терминдер екені көрсетілген (Асенова, 2024). Біз назарға алатын терминдер шоғыры – *қазақша баламасы бар терминдер*, оның ішінде көнерген лексемалардың белсендірілуі жайында, сан ғасырлар бойы қазақ тіліне кірігіп-бірігіп, қазақ тілінің бөлінбес тілдік элементі болып кеткен орта түркі, араб-парсы сөздерінің жаңғыру әлеуеті жөнінде сөз етеміз. Араб-парсы тілдері Ислам дінін қабылдаған көптеген түркі халықтарының тілдері үшін лексикалық байытушы дәнекер болып саналды (Дмитриев, 1962). Сауда мәдениетінің өрлеуі барысында біршама сөздер еніп, түркі тілдерінің сөздік қорын толықтырған болатын. Атап айтсақ, араб тілінен: *қард-қарыз, хақы-ақы, насиа-несие, хәзинә-қазына, сиасат-саясат, шарт, пайда-пайда, пайд-пайыз, кәсіб-кәсіп, мирас, ма'лумат-мәлімет, мүлк-мүлік, сафат-сапа және т.б.* сөздер тілімізге енді. Түркілермен әрдайым тарихи байланыста болған парсылардың ықпалынан да біршама сөздер келді, олар: *бадж-баж, базар, базаркәш-базаршы (саудагер), бәһә-баға* және т.б.

Байқағанымыздай, қазақ тілі тарихи-мәдени дамудың терең қабаттарын сақтаған, лексикалық қоры бай әрі құрылымдық тұрғыдан икемділігі жоғары тілдердің қатарына жатады. Соңғы онжылдықтарда мемлекеттік тілдің ғылыми кеңістіктегі қызметін кеңейту барысында терминжасам саласында тарихи сөздік қорды қайта жаңғырту үдерісі жанданып, бұл құбылыс ұлттық тіл болмысын сақтау мен оны ғылыми бағытта дамытудағы маңызды үрдістердің бірі ретінде қарастырылуда. Дегенмен, ескі кітаби лексиканың терминологиялық қолданысқа енуі бірқатар қиындықтарды да тудырады. Атап айтқанда, олардың қазіргі қоғамда әсіресе терминологияда түсінікті болу дәрежесі, мағыналық нақтылығы, стилистикалық үйлесімділігі және

ресми қолданысқа қабылдану мүмкіндігі әлі де шешімін қажет ететін күрделі мәселелер қатарында.

Қазақ терминологиясының қалыптасу кезеңдерінде Елдес Омарұлының 1924 жылғы Орынборда «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» жасаған баяндамасына негізделген термин жасаудың алғашқы қағидаттарына сәйкес 1.«Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын»; 2.«Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түркі халықтарынан ізделінсін. Басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түркі сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын» деген пікірін қаперге алуымыз керек (Тұрышев, 2018). Ал Тәуелсіздік жылдары академик Әбдуәли Қайдар терминжасамға байланысты өзінің 11 қағидасын ұсынды, оның ішінде: «Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл, және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сақтау пайдалану» (3 принцип) және «Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану» (4 принцип) (Қайдаров, 1993). Яғни, екі ғалымның да пікірі қазақ тілін кірме сөздердің жиынтығы болудан аластап, қазақ тілінің қалыптасқан, тұрақталған бай сөздік қорын ұтымды пайдалануды меңзеп тұр. Осы қағидаттардың көрінісін бүгінгі терминология саласынан іздеп, қайта жаңғырған экономикалық терминдерге талдау жасаймыз. Экономика қарқынды дамып келе жатқан сала болғандықтан, бұл салада жаңа ұғымдар мен атаулардың пайда болуы оларды қазақ тіліне бейімдеуді талап етеді. Мемлекеттік тілдің ғылыми-кәсіби қолданыс аясын кеңейту мақсатында экономикалық терминдердің сауатты жасалуы аса маңызды. XX ғасырдың басы, тәуелсіздік жылдарынан бүгінгі күнге дейін экономика және қаржы саласына байланысты біршама сөздіктер жарық көріп жатыр, атап айтсақ: 1936 жылы Қ. Жұбанов пен А. Әлібаевтың редакциясымен жарық көрген «Қазақ тілінің терминдері» еңбегі осы саладағы алғашқы жүйелі сөздік ретінде танылды. 1960 жылдары М. Әбдіров, Т. Құлқашев және С. Толыбеков құрастырған экономикалық және философиялық терминдер сөздіктері қазақ тіліндегі салалық терминжасамның кеңеюіне негіз болды. Келесі

онжылдықтарда М. Насырова, М. Абдиров, С. Байшев және басқа авторлардың әлеуметтік-экономикалық терминдерге арналған сөздіктері жарық көріп, экономикалық ұғымдардың қазақ тіліндегі баламаларын жүйелеуге айтарлықтай үлес қосты.

Тәуелсіздік жылдарында экономикалық реформаларға байланысты терминологиялық қажеттілік артып, 1990–2000 жылдары К. Базарбаев, М. Аяпова, Е. Арынов, Б. Сабырбаев, С. Токсанбай және т.б. зерттеушілердің толықтырылған, түсіндірме және көптілді сөздіктері жарияланды. Бұл кезеңнің сөздіктері нарықтық экономика, қаржы жүйесі, салық, сыртқы экономика секілді жаңа ұғымдарды қазақша қайта атауға бағытталды.

2000 жылдан кейін салалық терминология одан әрі кеңейіп, «Экономика және қаржы» (2000-2014), қаржы-экономикалық (2007), орысша-қазақша-ағылшынша (2006, 2009) және халықаралық экономика (2016) бағыттарындағы көлемді сөздіктер жарық көрді. Бұл басылымдар қазақ экономикалық терминологиясының ғылыми негізін жүйелеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ тіліндегі экономикалық сөздіктердің қалыптасу жолы әлі де даму үстінде. Экономикалық сөздіктерді тұрақты түрде толықтыру, қазақ тілді қолданушыларға қолжетімді ету, БАҚ-та белсенді қолдану – қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі рөлін арттырудың басты тетіктерінің бірі болмақ. Сөздіктердің терминдік жүйе-

сін *qazcorpus.kz*, *termincom.kz* деректер базасын сараптай келе, біршама сөздердің қайта қолданысқа енген, прагматикасы артқан, қазіргі қазақ тілінде термин дәрежесіне ие сөздер анықталды. Мәселен, сөздік қолданысымызда бұрыннан бар, араб тілінен енген, ескі кітаби лексиканың бірі – делдал сөзі. Г. Мамырбектің «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде» а) екі адамның арасында келісім жүргізуші, б) хабаршы, жаршы деген мағыналарын берген (Мамырбекова, 2017). Төркіні арабтың *dallāl* – «الدال، dll» түбірінен шыққан «сатушы», «тауарды базарда көрсету арқылы сататын саудагер» деген мағынаны білдіреді. Ең алғаш XII ғ. қыпшақ половецтерінің діни мәтіндері мен сөздіктерінен тұратын «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде «*talal*» формасында кездеседі (Golden, 2011). Делдал – екі жақ арасында мәміле жасаушы адам ретінде жұртшылыққа танымал сөз. Онымен қоса аталған сөзді ортағасырлық түркі шайыры Ахмеди Гүлшехридің «*Mantıku't-Tayr*» (Мантыкут-тайр) (www.nisanyansozluk.com) еңбегінде де кездестірсек болады: *eydür é dellāl kim pür-māyesin / bu dükānda şāhib-i sermāyesin* (ей, делдал, барша дәулетін осында құйған сенсің, бұл дүкеннің шын мәніндегі иесі өзіңсің).


Termincom.kz деректеріне сүйенсек, «делдал» сөзіне қатысты 96 нәтиже шықты. Көбінесе экономика және қаржы, заңтану, іс жүргізу және мұрағат ісінде кездеседі. Кестеде үлесі айтарлықтай салалар мен терминнің түрлі формаларын қамтыған (түбір, аналитикалық және синтетикалық жолмен жасалған нұсқалар) өрісі көрсетілген.



1-сурет – Termincom.kz базасы бойынша статистикасы

Шәмшеддин Самидің осман тілінде жарық көрген «Kamus-ı Türki» (Түрік сөздігі) (Samî, 1900) еңбегінде «делдал» сөзіне келесідей анықтама береді: 1. Базарда және жексенбіде қатты дауыстап айқалап, сатып алушы шақыратын

адам, 2. Жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату бойынша кеңес беруші. Бұл жазба ескерткіштер «делдал» сөзі ортағасырлық түркілік дәуірде көбінесе алып-сату, базар, сауда шеңберінде қолданылғанын аңғартады.



2-сурет – «Kâmus-ı Türki» сөздігінде делдал сөзінің берілуі

Бүгінгі таңда бұл сөздің қолданылу аясы әлдеқайда кеңейген. Қазіргі таңда ашық ақпараттар ағымынан, батыс тілдері әсерінен келген терминдер де тілімізде аз емес. Оның қазақша баламасын жасау барысында «делдал» секілді ескі кітаби бірліктерге жаңа дем беріп, өзектілігін арттырып, қолданысқа енгізуде. Мәселен, қазіргі таңда елімізде делдалдық қызмет атқаратын компаниялар да, жеке тұлғалар да көп. Бүгінгі таңда сәнге айналған экономикалық ұғымдардың бірі – «брокер» (ағыл. *broker*). Функционалдық және семантикалық мағынасы да делдалмен бірдей. Брокер – биржа саласында қолданылатын әйгілі термин, инвестор (заңды тұлға) мен эмитент (компания) арасындағы мәміле жасаушы. Бұл ретте брокер нақты мәміледе бір тараптың тапсырмасымен және оның пайдасына әрекет етеді. Қазақстанда брокерлік қызмет ұсынатын біршама компаниялар шоғыры бар. Атап айтсақ, *Freedom Broker*, *Halyk Finance*, *Jusan invest*, *BCC invest* және т.б. Бұл компаниялар өз қызметін қазіргі таңда брокерлік қызметтің орнына қазақша *делдалдық қызмет* деп ұсынып жүр. Мәселен, батыстан келген заманауи ұғымдар біршама, атап айтсақ *риэлтор* (*үй иесі мен сатып алушының арасындағы сатушы*), *байер* (*тауарларды шетелден сатып алуға және жеткізуге көмектесетін маман*). Осы сөздердің баламасы ретінде де «делдал» сөзін қолданып қояды. «Делдал» сөзінің мағынасы заман ағымына қарай бірге дамығанын, мағынасының кеңейіп, біршама ұғымды өзіне үстегенін аңғара аламыз.


Келесі бір жаңғырған сөзге мәміле сөзін жатқызсақ болады. Бұл сөз араб тілінен енген ескі кітаби бірлік ретінде қолданыс тапқан. Араб тіліндегі «*'ml*» түбірінен шыққан *mā'mala(t)* معاملة

сөзінен алынған, «өзара сауда, бітім, мәміле» деген мағынаны білдіреді. XIII ғ. түркі-ислам дәуірінің жарқын өкілі Насреддин Рабғузидің Рабат шаһарының әкімі, бек Насреддин Токбоғаның тапсыруымен жазған, мұсылмандық мәселелерге негізделген «Қиссасул әнбия» еңбегі – көптеген тілдік мәліметтер беретін ортағасырлық түркі жазба ескерткіш (www.nisanyansozluk.com). Осы еңбектің ішінде «мәміле» сөзі кездеседі: «*Dünyâda zinâ tanukluğu dört erdi, özge mü'âmele tanukluğu éki erdi*» – (*зинақорлық туралы куәлік төрт, ал басқа әрекеттер туралы куәлік екі болды*). Сөйлем ішіндегі мағынасы қазіргі қолданысынан басқаша. Бұл жерде «мәміле» сөзінің «әрекет» мағынасында берілуінің екі себебін атап көрсетсек болады. Біріншісі, «мәміле» сөзінің түбірі арабтың *'amala* – عالم етістігінен шыққан, *амал* қылу, *жұмыс жасау*, *іс жүргізу* мағынасын білдіреді. Қазақша баламасы – қазіргі қолданыстағы «амал» сөзі, араб тіліндегі етістік сөз тұлғасы қазіргі қазақ тілінде зат есім тұлғасында қолданылатынын байқаймыз. Яғни, *'amala* етістігінен *mā'mala(t)* есім сөз пайда болғанын көреміз. Екіншісі, Рабғузи екі сөздің түбірі бір екендігін ескере отырып, *'amala* сөзін – әрекет етуге байланысты етістік ретінде, *mā'mala(t)* – осы етістіктен туған есім сөзді дербес мағынасынан бөлек, «әрекет» зат есім тұлғасында қолданып тұр деп болжам жасай аламыз.

«Мәміле» сөзінің кең қолданылу аясын Кіші Азияны мекендейтін анадолы түркілерінің осман тілінде жазылған сөздіктерінен де кездестіре аламыз, атап айтсақ, «*Lehçe-i Osmani*» (1876), «*Kamus-ı Türki*» (1899), «*Lugat-ı Naci*» (1894), «*Kamus-ı Osmani*» (1897). Аталған сөздіктердегі «мәміле» сөзінің мағынасы біртұтас «келісім,

бітім» деген ұғымға келіп тоғысады. Яғни, түбірі бір түркі халықтарында, әсіресе Таяу Шығыс әсерін жатсынбаған түркілерде бұл сөздің заманауи түркі тілдерінде де лексика-семантикалық

жағынан алыстамады, кішігірім фонологиялық өзгешеліктерді ғана санамасақ: қазақ – мәміле, өзбек – муомала, әзірбайжан – müamilə, түрік – tuamele.



3-сурет – «Lugat-i Naci» сөздігінде мәміле сөзінің берілуі

Ал «мәміле» сөзінің бүгінгі жағдайына келер болсақ, экономика, сауда-қаржы, заңтану, дипломатия аясында кең қолданысқа ие. Отандық сөздіктерде де «мәміле» сөзіне біршама анықтамалар берілген: 1. Бітім, келісім (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық) (Манкеева, Бизаков, Жүнісбек, 2011), 2. Заңды және жеке тұлғалардың сыртқы экономикалық қызмет саласындағы шаруашылық мәселелерін қоса алғанда, құқықтық қатынастарын белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған іс-қимыл (С.Құлманов. Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (қаржы саласы) (Құлманов, 2009), 3. Екі немесе одан да көп адамның арасындағы заңдық күші бар келісім, олардың

орындалған және орындау (әдепкі) осы әрекеттер үшін жауапты болуы әрекетті анықтауы (Халықаралық экономика бойынша терминологиялық сөздігі) (Жетпісбаева, Есенгельдин, Хусаинова, Жартай, 2016).

Бұл анықтамалар «мәміле» сөзінің қолданылу аясының кәсібиленгенін, үстемдігі артқанын, мағынасының актуалданғанын көрсетеді. Тәуелсіздік жылдарынан бастап қазақ терминологиясының алдында үлкен жұмыс тұрды. Ол орыс тілінің ықпалымен «сделка» деп қолданылып келген құжат айналымын қазақыландырып, термин бекіту барысында ескі кітаби лексикада осы аяда бұрын қолданысы болған «мәміле» сөзін қайта жаңғыртты дей аламыз.



4-сурет – Termincom.kz базасы бойынша «Мәміле» сөзінің статистикасы

Аталған сөзбен жасалған экономика және қаржы терминдерінің көп шоғыры терминжасамның синтаксистік (аналитикалық) әдісі арқылы жасалған. *Биржалық мәміле, параллел мәміле, сиф мәмілесі, мерзімдік мәміле, экспорттық мәміле, өтеу мәмілесі, салық салынуға тиіс мәміле, форвардтық мәмілелер бағасы, баспа-бас мәміле, болжамды мәміле, фоб мәмілесі, фьючерстік мәміле, кассалық мәмілелер, бүркеме мәміле, фас мәмілесі, форвардтық мәмілелер* және т.б. Берілген терминдік атаулар экономика саласының терминологиясын толықтырып қана қоймай, қазақ тілінің әлеуетін арттырып, «мәміле» сөзінің ескі кітаби лексикадағы қолданысына қарағанда әлдеқайда мағыналық өрісінің байығанын байқаймыз.

Түркі тілдеріне ортақ, көптеген қолжазбаларда кездесетін сөздердің бірі – қазына (ар. *قازینه*). Араб тіліндегі «*хзн*» түбірінен шыққан, «сақтау, құнды заттар немесе ақша сақталған орын» деген мағынаны білдіреді. Алайда, түркі

халықтарына тығыз тарихи-мәдени байланысы арқылы тілімізге парсышадан енген: *қазақ – қазына, түрік – hazine, әзірбайжан – хәзинә, баиқұр – хазина, қырғыз – казына, ногай – казна, татар – хәзинә, түркімен – hazyна, ұйғыр – хезине, өзбек – хазина* т.б. Барлық түркі тілдеріндегі мағынасы – байлық, қор, мүлік, құнды дүние дегенді білдіреді.

Қазақ тілінің ұлттық корпусының тарихи ішкорпусында «қазына» сөзіне 29 сұраныс шығып, олар эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар, орта дәуір қолжазбалары, XX ғ. басындағы газеттер мен хаттар, жыраулар поэзиясында кездескен нұсқалары берілген. Мәселен, Әбілғазының «Түркі шежіресінде» қазына сөзі көп кездеседі: *Хазынасына бұйұрдыкім қамаж келтүргіл барыб мың сандұқ зәрбафт келтүрді... (55-бет). ...Алтан ханның көб хазына уа дәфинесі бірлән алдұқ... Бү үч бек хазына уа дәфинені иуклеб Чынгыз ханның хызметіне бардылар (52-бет)* (www.qazcorpus.kz).



5-сурет – Termincom.kz базасы бойынша «Қазына» сөзінің статистикасы

Бүгінгі таңда қазына сөзінің әлеуеті артқанын, динамикасы күшейгенін, үстемдігі ұлғайғанын оның қазіргі жағдайынан байқасақ болады. Ол экономика және қаржы саласының ажырамас ұғымының бірі. Заңтану, саясаттану, тарих, мәдениеттану, іс жүргізу және мұрағат ісінде де көптеп кездеседі. Ал экономика саласына келер болсақ, қазына – мемлекеттік қор мағынасында кең етек алған. *Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметіне сүйенсек, Қазақстанда 1998 жылы мемлекеттік бюджетке түскен түсімдер 216 млрд теңгені құраған. Ал 2000*

жылы – 524 млрд теңге, 2010 жылы – 5,2 трлн теңге, 2020 жылы – 10 трлн теңге ел қазынасына түскен (Тоқтамырат, 2021). Қазына сөзімен көбінесе аналитикалық (тіркесу) жолмен жасалған терминдер: *қазынашылық эмиссия, қазыналық тауар, қазынашылық қанцлері, қазынашылық билет, мемлекеттің қазынашылық міндеттемесі, бас қазынашылық, қазынашылық ноталар, қазына мениігі, мемлекеттік қазына, қазынашылық бондар, қазынашылық міндеттеме, қазыналық кәсіпорын*. Орыс тілінде *казна, казначейство* болып қолданылып жүрген тер-

мин қазақтың асылы арабша **қазына, қазына-шысынан** ауысқан деп топшылауға негіз бар.

Сонымен қатар, қазақ тілі мен өзге түркі тілдеріне парсылардан енген **пұл** (لوط) сөзі мыстан жасалған ең кіші валютаны білдіреді. Бұл сөздің түбірі ежелгі грек тіліндегі **ὀβολός** (обол) сөзінен шыққан, мыстың ең кіші валютасы және драхманың (ежелгі грек валютасы) алтыдан бір бөлігі деген мағынаны білдіреді. Сөздің қолданылуы аясы негізінен екі түрлі жағдайда байқалады: 1) көнелік реңкте (тарихи мәтіндер) немесе диалект ретінде (оңтүстік өңірде) тікелей «ақша» мағынасында; 2) туынды тіркестер мен терминдердің құрамында (әсіресе, экономика және қаржы саласында) (<https://baq.kz/>).

Қазақ тілінде «ақша» ұғымын білдіретін сөздер қатарына **ақша, теңге, тиын, пұл, сом, манат, бақыр, шақа, жармақ** сияқты атаулар жатады. Олардың кейбірі қазіргі күнге дейін қолданыста болса, бірқатары пассив қабатқа өтіп, ұмытыла бастаған. Солардың бірі – **пұл** сөзі. Бұл сөз біраз уақыт көлеңкеде қалғанымен, соңғы жылдары тілдік айналымға қайта оралып келеді. Пұл сөзі негізінен «ақша» деген мағына береді және әсіресе оңтүстік қазақтарының сөйлеу тілінде белсенді қолданылады.



Айыппұл, өсімпұл, шай-пұл, қайтарымпұл, кірепұл, жарнапұл, үлеспұл және **жөргекпұл** сияқты «–пұл» сөзімен жасалған терминдер қазақ тілінде әртүрлі қаржылық-әлеуметтік қатынастарды білдіретін атаулар қатарын құрайды. Айыппұл заң бұзғаны үшін қолданылатын ақшалай жаза ретінде құқықтық контексте орныққан болса, өсімпұл төлемнің кешіктірілуі нәтижесінде негізгі қарызға қосылатын заңнамалық үстеме мағынасында қолданылады. Тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынаста жиі ұшырасатын шай-пұл көрсетілген қызмет үшін негізгі төлемге қосымша ретінде берілетін ақша түрін білдіреді. Ал қайтарымпұл алдын ала төленген соманың пайдаланылмаған бөлігі қайтарылғанда төленетін қаржылық үлесті атау үшін қолданылады. Экономикалық салада кірепұл жүк тасымалына, әсіресе теңіздік фрахт қызметіне төленетін ақы ретінде танылса, ұйымдық-құқықтық қатынастарда жарнапұл кооператив немесе ұйым құрамына кіруге байланысты тө-

ленетін мүшелік жарна атауын білдіреді. Қаржы және инвестиция саласында үлеспұл белгілі бір компаниядағы үлеске сәйкес есептелетін төлем ретінде сипатталады. Сонымен қатар әлеуметтік саясат саласында орныққан жөргекпұл – баланың тууына байланысты берілетін бір реттік жәрдемақы атауы. Осылайша аталмыш лексемалар бір морфемалық өрісте топтасқанымен, қолданылу аясы әртүрлі әлеуметтік, экономикалық, құқықтық және тұрмыстық қатынастарды қамтиды.

Байқағанымыздай, экономика саласында «пұл» түбірімен бірігіп, нақты құқықтық-экономикалық ұғымдар қалыптасқан. Бір сыңары көнерген сөз болса да, басқа сөздермен бірігу арқылы оның мағынасы мен қолданылу аясы жаңғыруда, әлеуеті артуда. «Пұл» сөзі қазақ тілінің тарихи қабаттарында өмір сүріп, бүгінгі тіл практикасына жаңа экономикалық терминдер арқылы қайта енген өнімді түбір болып табылады.

Қорытынды

Экономика саласы – елдің жалпы даму үрдісін айқындайтын негізгі жүйелердің бірі әрі ғылыми стильдің қалыптасуына елеулі ықпал ететін маңызды бағыт. Жаһандану жағдайында экономикалық категориялар мен терминдердің қазақ тіліне ғылыми тұрғыдан дәл әрі жүйелі бейімделуі ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарын сақтауымен қатар, оны заманауи ғылыми айналымға икемдеудің тиімді жолы ретінде бағаланады.

Ескі кітаби лексемалардың тек экономикалық ортада ғана емес, күнделікті өмірде де қолданыс табуда, бұл олардың қоғам санасына енуін көрсетеді. Қазақ экономикалық терминдерінің дамуы – үздіксіз үдеріс. Бұл саладағы ескі кітаби лексемалардың қайта жаңғыруы, тіліміздің актив қорының толығуы – тіліміздің мәртебесінің көрінісі. Сол ұғымдарды дұрыс бейімдеу және қазақы ұғымға сай баламаларды ұсыну – алдағы уақытта да маңызды міндеттердің бірі бола берері сөзсіз. Осылайша, экономика терминдері қазақ тілінің байлығын арттырып қана қоймай, оның заман талабына сай әрі халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз етеді. Қорыта келе, қазіргі қазақ экономикалық терминдері – тілдің жаңғыруы мен дамуының жарқын дәлелі. Ұлттық тілдің экономика сияқты жаһандық салада орнығуы – ұлт болашағының айқын кепілі.

Экономика және қаржы салаларына қатысты ескі кітаби сөздер, негізінен, қазақ даласындағы XIX–XX ғасырлардағы сауда, қаржы-қаражат, шаруашылық қарым-қатынастарды бейнелейтін терминдер мен тұрақты тіркестерден құралады. Тіліміздегі экономика және қаржы салаларына байланысты терминдердің басым көпшілігін орыс, ағылшын, еуропа тілдерінен енген сөздер құрайды. Бірақ, араб-парсы тілдерінен енген

орта түркі лексикасының да айтарлықтай орны бар.

Зерттеуші А. Жиекбаева өзінің «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің терминденуі» еңбегінде экономика саласына байланысты келесі терминдерді атап көрсетеді: *қаржы, чек, айлашарғы, алгоритм, баж, әкімгер, әкімшілік, баға, бәтуаластық, бейтараптық, сауда-саттық, қазылар алқасы, залал, зиян, кепіл, кепілгер, кепілдік, қарыз, қазына, делдал, мүлік, несие, нарық, өкім, өкілдік, пайда, растық, нұрсаттылық, рәсімдер, сараптама, сарапшы, сауда, мәртебе, тариф, тауар, тәуекелдік, қатер, тәркілеу, ысырап, ықпал, ықтималдық* т.б. (Жиекбаева, 2014).

Жүргізілген лингвостатистикалық талдау нәтижелері қазақ тіліндегі экономика саласына қатысты кейбір араб-парсы кірме терминдердің тарихи қолданыс өрнегін айқын көрсетті. Сауда, қарыз сияқты сөздер ғасырлар бойы тілдің қолданыс қабаттарында қалып, бүгінге дейін маңызын жоймағанын байқадық. XV–XVIII ғғ. жазбаларда бұл сөздердің орны өте шектеулі болса, XIX–XX ғғ. бастап қазақ жазба тілінде жиіліктері арта түскен.

Кеңес дәуірінде біршама терминдерді орыс тілі ығыстырды. Ал тәуелсіздіктен кейін қазақ тілінің қолданылу аясы кеңейіп, нарықтық экономикаға қатысты жаңаша бағыт, көзқарас қалыптасып, тарихи атаулардың кейбірі жаңаша ренкпен қайтадан қолданысқа енді. Қорыта айтқанда, араб-парсы текті ескі кітаби экономикалық сөздердің қазақ тілінде қолданылу динамикасы олардың әрқайсысының семантикалық даму жолына, әлеуметтік-тарихи жағдайларға тығыз байланысты болды. Лингвостатистикалық әдіс арқылы әр сөздің қолданылу жиілігін нақты сандармен және графиктермен көрсету сол өзгерістерді айқын аңғаруға мүмкіндік бере алды.

Әдебиеттер

- Тағаұл, А. (2014). Gök-Türkler I-II-III. Ankara. Türk Tarih Kurumu Basımevi.
- Eroğlu, E. (2014). Bozkır Kavimlerinde İktisadi ve Mesleki Yapı (Başlangıçtan Uygur Dönemi Sonuna Kadar). Ankara. Gazi Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü.
- Қашқари, М. (1998). Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / қазақ тіліне ауд., алғысөзі мен ғылыми түсіндірмелерін жазған А. Егеубай. Алматы. Хант.
- Мамырбекова, Г., Сейтбекова, А. (2013). Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі. Алматы. Фирма Орнак.
- Сыздықова, Р. (1993). Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV–XIX ғасырлар): оқулық. Алматы. Ана тілі.
- Асенова, А.Х. (2024). Экономика саласы терминдерінің өзекті мәселелері. [Электронды ресурс]. URL: <https://termincom.kz/articles/?id=170> (Пайдаланылған күні: 12.10.2025)
- Дмитриев, Н.К. (1962) Строй тюркских языков (избранные труды). АН СССР. Москва: Издательство восточной литературы.

- Тұрышев, А. (2018). Қазақша пән сөздер және терминология. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.termincom.kz/articles/?id=90> (Пайдаланылған күні: 12.10.2025)
- Қайдаров, Ә.Т. (1993). Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас. ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. №1.
- Мамырбекова, Г. (2017). Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. Алматы.
- Golden, Peter B. (2011). The Codex Cumanicus. In: Golden, Studies on the peoples and cultures of the Eurasian steppes. P. 333–366.
- Nişanyan Sözlük [Electronic resource]. URL: www.nisanyansozluk.com (Date of use: 12.10.2025)
- Şemseddin Sami. Kamus-ı Türki (1900). [Electronic resource]. URL: www.osmanlicasozlukler.com (Date of use: 12.10.2025)
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі (2011). Он бес томдық. 11-том / құраст.: Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. Алматы.
- Құлманов, С. (2009). Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (қаржы саласы). 5-кітап. Алматы. Мемлекеттік тілді дамыту орталығы ЖШС.
- Жетпісбаева, Б.А., Есенгельдин, Б.С., Хусаинова, Ж.С., Жартай, Ж.М. (2016). Халықаралық экономика бойынша терминологиялық сөздік. Қарағанды. ҚарМУ баспасы.
- Қазақ тілінің ұлттық корпусы. [Электронды ресурс]. URL: www.qazqcorpus.kz (Пайдаланылған күні: 12.10.2025)
- Токтамұрат, Қ. (2021). Мемлекет қазынасы. 24 қараша. [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/297376-memleket-qazynasy> (Пайдаланылған күні: 12.10.2025)
- «Пұл» сөзі қайдан шыққан? (2023). [Электронды ресурс]. URL: <https://baq.kz/pul-sozi-qaydan-shyqqan-317176/> (Пайдаланылған күні: 12.10.2025)
- Жиекбаева, А.Б. (2014). Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. Алматы. Қазақ университеті.

References

- “Pul” sozi qaidan shyqqan? [Where Did the Word “Pul” Come From?]. [Electronic Resource]. URL: <https://baq.kz/pul-sozi-qaydan-shyqqan-317176/> (Date of use: 12.10.2025). (In Kazakh)
- Asenova, A.Kh. (2024). Ekonomika salasy terminlerinin özehti мәseleleri [Current Issues of Economic Terminology]. [Electronic Resource]. URL: <https://termincom.kz/articles/?id=170> (Date of use: 12.10.2025). (In Kazakh)
- Dmitriev, N.K. (1962). Stroi tiurkskikh iazykov (izbrannye trudy) [The Structure of Turkic Languages (Selected Works)]. Moscow. Izdatel'stvo vostochnoi literatury.
- Eroğlu, E. (2014). Bozkır Kavimlerinde İktisadi ve Mesleki Yapı (Başlangıçtan Uygur Dönemi Sonuna Kadar) [Economic and Professional Structure among Steppe Peoples (From the Beginning to the End of the Uighur Period)]. Ankara. Gazi University, Institute of Social Sciences. (In Turkish)
- Golden, P.B. (2011). The Codex Cumanicus. In: Golden P.B. Studies on the Peoples and Cultures of the Eurasian Steppes, P. 333-366.
- Kashgari, M. (1998). Turik tilining sozdigi (Diواني Lūgat it-Türk): 3 tomдық shyğarmalar zhinagy [Dictionary of the Turkic Language (Dīwān Lughāt at-Türk): Collected Works in 3 Volumes]. Transl. and commentary by A. Egeubai. Almaty. Khant. (In Kazakh)
- Mamyrbekova, G. (2017). Qazaq tilindegi arab, parsy sozderining túsindirme sózdigi [Explanatory Dictionary of Arabic and Persian Words in the Kazakh Language]. Almaty. 658 p. (In Kazakh)
- Mamyrbekova, G., Seitbekova, A. (2013). Ābilgazy Bahadur Khannyng “Türki Shezhiresinin” Tezaurus Sözdigi [Thesaurus Dictionary of Abulgazi Bahadur Khan's “Turkic Genealogy”]. Almaty. Firma Ornak. (In Kazakh)
- Mankeeva, Zh., Bizakov, S., Zhunisbek, A., et al. (2011). Qazaq adebi tilining sozdigi. On bes tomдық. 11-tom [Dictionary of the Kazakh Literary Language. In 15 Volumes. Vol. 11]. Almaty. (In Kazakh)
- Nişanyan Sözlük. URL: www.nisanyansozluk.com (Date of use: 12.10.2025). (In Turkish)
- Qaidarov, A.T. (1993). Qazaq tili terminologiasyna zhanasha kozqaras [A New Perspective on Kazakh Terminology]. Izvestiia of the National Academy of Sciences of Kazakhstan, Series of Language and Literature, Vol. 1. (In Kazakh)
- Qazaq tilining ulttyq korpusy [National Corpus of the Kazakh Language]. [Electronic Resource]. URL: www.qazqcorpus.kz (Date of use: 12.10.2025). (In Kazakh)
- Qulmanov, S. (2009). Oryssha-qazaqsha terminologialyq anyqtamalyq sozdik (qarzhy salasy), 5-kitap [Russian-Kazakh Terminological Reference Dictionary (Finance Sector), Book 5]. Almaty. Memlekettik tildi damytu ortalygy. (In Kazakh)
- Şemseddin Sami (1900). Kamus-ı Türki [Turkish Dictionary]. [Electronic Resource]. URL: www.osmanlicasozlukler.com (Date of use: 12.10.2025). (In Turkish)
- Syzdykova, R. (1993). Qazaq adebi tilining tarihy (XV–XIX ғасырлар) [History of the Kazakh Literary Language (15th–19th Centuries)]. Almaty. Ana tili. (In Kazakh)
- Taşagıl, A. (2014). Gök-Türkler I–II–III [The Gök Turks I–II–III]. Ankara. Türk Tarih Kurumu Basımevi. (In Turkish)
- Toktamurat, Q. (2021). Memleket qazynasy [The Treasury of the State]. [Electronic Resource]. URL: <https://egemen.kz/article/297376-memleket-qazynasy> (Date of use: 12.10.2025). (In Kazakh)
- Turyshov, A. (2018). Qazaqsha pan sozder jane terminologia [Kazakh Subject Terms and Terminology]. [Electronic Resource]. URL: <https://www.termincom.kz/articles/?id=90> (Date of use: 12.10.2025). (In Kazakh)
- Zhetpisbaeva, B.A., Yesengeldin, B.S., Khusainova, Zh.S., Zhartai, Zh.M. (2016). Halyqaralyq ekonomika boiynsha terminologialyq sozdik [Terminological Dictionary of International Economics]. Karagandy. KargU Press. (In Kazakh)
- Zhiiekbaeva, A.B. (2014). Qazaq tilindegi arab, parsy sozderining termindenui [Terminologization of Arabic and Persian Words in the Kazakh Language]. Almaty. Qazaq University. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Қайрат Асау Айниязұлы – PhD докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы, e-mail: asauqairat@gmail.com);

Сейілхан Сымбат – кіші ғылыми қызметкер, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, (Қазақстан, Алматы, e-mail: symbat_040402@mail.ru).

Information about authors:

Kairat Assau Ainiyazuly – PhD student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty, e-mail: asauqairat@gmail.com);

Seilkhan Abdusalamyzy Symbat – Junior Research, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty, e-mail: symbat_040402@mail.ru)

Сведения об авторах:

Қайрат Асау Айниязұлы – PhD докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Алматы, Казахстан, e-mail: asauqairat@gmail.com).

Сейілхан Абдусаламқызы Сымбат – младший научный сотрудник, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Алматы, Казахстан, e-mail: symbat_040402@mail.ru).

Келіп түсті: 10 қазан 2025 жыл

Қабылданды: 25 желтоқсан 2025 жыл